Бекітемін: [signature] «Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

2021-2022 оқу жылы

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қыркүйек айы.** **Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Біздің балабақшада»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату.<br>Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (кіріспе, қайырма) ажырата алады. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырата алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Балабақша туралы ойларын жеткізіп, балабақшадағы достары туралы әңгімелейді.<br>Көптілділік: балабақша – дет сад –<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** маракас, шығарма, дирижер, оркестр.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Әуен қалай өзгерді?<br>Қандай аспаптың дауысын естідің?<br>Мектепке не үшін барамыз? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма би көрсете біледі.<br>Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын бере орындайды. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.<br>**Балабақшада.** Ернұр Сейдахмет<br>Күлімдейді күніміз.<br>Көңілді ән-күйіміз.<br>Асыр салып жүреміз,<br>Тәртіп бұзбай жиі біз.<br>Білеміз біз, сұраңыз. | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Мектеп туралы суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| | Жаттап алдық жыр-аңыз,<br>Тәрбиеші апайдың,<br>Айтқанын тез ұғамыз.<br>Өлең не туралы айтылған?<br>Балабқша ережелері, қызметі туралы түсінік беру. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...... минут | **(Т) Музыка тыңдау: Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов«Достар»**<br>«Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.<br>**(Т, Ж) Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>**(Т, Ж) Ән айту Балабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)** саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу.<br>Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.<br>**(Т) Аспаппен танысу:** «Қандай аспап?» (муз Б. Дәлденбай, сөзі А. Менжанова).. Әннің сөзін, әуенін айта отырып ұрмалы аспаптарда ойнауды жалғастыру. «Оркестр» және «әншілер» топтарына бөлініп, дирижер сайлау. «Дирижер», «оркестр» сөздеріне түсінік беру. «Оркестр» тобы аспаптарда ойнайды, «әншілер» әнді айтып, дирижердің көмегімен шығарманы орындайды. Ұлттық ойын «Етек-етек».<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Балабқшаға не үшін барасың? Балабқшадан не үйренесің? Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле. Балабқшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың?<br>**2.**Әнді мұқият тыңда. Не туралы айтылады? Көңіл күйі қандай?. Суретке қарап, музыкалық аспаптарды ата. Ұрмалы аспаптарды қоршап сыз. Орман тұрғындарына мектепке бару үшін жол көрсетіп, көмектес. Аюдың жолын көк сызықпен, түлкінің жолын сары, қоянның жолын жасыл, үкінің жолын қызыл түспен сызықтарды қосу арқылы балабқшаға жеткіз.<br>Жіп немесе үлкен формат. | Аудиожазба «Достар» (үнтаспа)<br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуы<br><br>Нота хрестоматиясы. Музыкалық аспаптар немесе слайд суреттері |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........ минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, аяқпенен топылдат топ-топ | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы: «**Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қыркүйек айы. Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | «Менің сүйікті достарым» | |
| | **2 сағат** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп таза айта алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Таныс әндердің не туралы екенін айта алады. Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Көптілділік: дос – друг.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Таныс әуен, қарапайым әуен, сүйемелдеумен, сүйемелсіз.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба?<br>Саған қандай әндер ұнайды?<br>Музыка тыңдағанды ұнатасың ба?<br>Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді.<br>Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Педагог:** Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. | Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр? | «Балалардың бақыты» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дауыс жаттығулары:** «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.<br>**Ән айту:** «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет. | «Телқоңыр» күйі<br><br>«Достасайық бәріміз» әні<br><br>«Соқыртеке» әні |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>Смайлктер беру | Смайлктер |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қыркүйек айы. Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:»** | **«Менің музыкалық әлемім** | |
| | **1 сағат** | |
| **ҰОҚ мақсаты** | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын ажыратады (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы). Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасайды.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән салады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнайды. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Өздері туралы, музыкаға деген құштарлығы туралы әңгімелей алады.<br>Көптілділік: ән – песня<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ән, әуен, музыка, әннің сипаты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка деген не?<br>Қандай әнді ұнатасың?<br>Қандай әндер білесің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді. | |
| | **ҰОҚ өткізілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Жеңіл әуенді бубен аспабында ойнап, балаларға кезекпен ырғақты сезіне орындауды ұсыну.<br>Музыка әлемі туралы мағұламат беру. Балалардың ой-қиялдары, армандары туралы әңгімелесу. | Бубен аспабы |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша** | **Музыка тыңдау:** «Балалығым балғын шағым» (муз. Е. Ташев, сөзі Т. Қажыбаев). Тыңдаған әннен алған әсерлерін, мазмұны, көңіл күйі туралы сұрау, әңгімелеу (көңілді, ашық-жарқын | «Балалығым балғын шағым» әні |

| | | |
|---|---|---|
| **жұмыс**<br>минут | т.б.) Әннің сипаттары туралы түсінік беру (мұңды, көңілді, салтанатты, ойнақы, қайғылы т.б).<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен қол қимылдары арқылы жоғары, төмен көрсете білу. «Ән» сөзінің аудармасын үш тілде белгілі бір әуенмен әндете қайталату:<br>**Ән айту:** «Мен елімнің ертеңі» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Педагог әнді аспап-тың сүйемелдеумен орындап, балаларға сұрақтар қояды: – Қарқыны қандай? – Көңіл күйі қандай? – Ән мәтінінде не туралы айтылады? Бірнеше топтарға бөлініп, ән ырғағын шапалақтап, әрі қарай бубен ырғағымен көрсетуді ұсыну. Ырғақты дәл көрсете білуге үйрету.<br>**Аспаппен танысу:** Бубен аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспап екенін ұғындыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** Қазақ биі «Айгөлек» (өңдеген Е. Лапин). Қазақтың кейбір ұлттық би элементтерімен таныстыру, суреттен көрсету. Балалар орындарынан тұрып, би қимылдарын қайталайды. Әуенге қосылып, мәнерлі қозғалыстар жасайды. Өздері ойдан шығарған би қимылдарымен көрсету. Екі топқа бөліну, бір топ би қимылдарын жасайды, екінші топ бубен аспаптарында ырғақпен ойнайды.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Музыка әлемін қалай елестете аласың? Ән қандай көңіл күйде орындалды? Қай гүл әннің сипатына сәйкес келеді?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Қандай мамандық иелерін білесің? Ержеткенде кім болғың келеді? | Интерактивті тақта «Балалық шақ» атты слайд көрсету<br><br>Музыкалық сүйемелдеу<br><br>«Мен елімнің ертеңі» әні<br>Бубен аспаптары<br><br>Би элементтері көрсетілген суретті материалдар<br><br>Қазақ биі «Айгөлек» Аудио, бейнематериалдар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............ минут | Бүгінгі ҰОҚ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қатты шаплақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қыркүйек айы.** **Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

| | |
|---|---|
| **Тақырыбы:** | **«Мен өнерлі баламын»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу.<br>Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен айта алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты. мәнерлі қозғалыстар жасай алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспабының көмегімен суырыпсалып айта алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Өнердің түрлері және өнер адамдары туралы айтып, ой-пікірлерін бөліседі.<br>Көптілділік: **ырғақ – ритм.**<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ырғақ, шығарма, әннің мазмұны, өнерлі бала, өнерпаз.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен?<br>Қандай әндерді, әншілерді білесің?<br>«Өнерлі өрге жүзеді» дегенді қалай түсінесің? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-ші шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. Әуенге ілесе, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді. |

**ҰОҚ өткізілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру. | Бубен аспаптары |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Музыка тыңдау:** «Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күйімен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға баулу. Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Күзгі вальс» әуенін мұқият тыңда. Ырғағын ажырат. Әуен көңілді ме әлде көңілсіз бе? | «Күзгі вальс», «Балдырғандар маршы» музыкасы Күз мезгілін бейнелейтін түрлі түсті сурет «Жаңғырық» дауыс жаттығуы<br><br>«Мен өнерлі баламын» әні Балалар хорының, белгілі әншілердің суреті немесе слайд<br><br>Полька (Б. Сметан) Аудиожазбалар, бейнематериалдар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін. [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қазан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Отбасым –бақытым»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») анықтау.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (қайырмасын, кіріспесін) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – «құс», орташа – «қоян», төмен – «аю») ажырата алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Отбасы туралы әңгімелей алады. Отбасы мүшелері кімдер екенін ажыратады.<br>Көптілділік: отбасы – семья<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Әуен, ырғақ, қалып.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Аналарың ұйықтар алдында қандай ән айтады?<br>Сендер аналарыңа қандай ән айтасыңдар?<br>Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай ән айттыңдар?<br>Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма?<br>Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру. | |
| **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды.<br>– Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>– Отбасыларыңда кімдер бар?<br>– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды.<br>Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ.<br>Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:**«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз.<br>Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау. | «Бесік жыры» әні Аспаптың сүйемелдеуімен |

| | | |
|---|---|---|
| ...... минут | **Дауыс жаттығулары:** «аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.<br>Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.<br>**Ән айту:** «Әже тілегі» (муз. мен сөзі Т. Қоңыратбай).<br>Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.<br>Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.<br>**Аспаппен танысу:** «Қандай аспап?» (муз. Б. Дәлденбай). Балалар музыка аспаптарының тембрі (бояуы) арқылы қай аспап ойналып жатқанын ажыратады.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекені атап өтеді? «Өнерлі отбасы» атану үшін отбасы мүшелеріне қандай сыйлық заттар ұсынар едің? Суреттегі қай жануардың дауыс биіктігі, ырғағы бесік жырының әуеніне ұқсайды?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата. | «Әже тілегі» әні<br><br>Сылдырмақ, даңғыра, ысқырық аспаптары |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайктер беру | Смайлктер |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қазан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Мен бақытты баламын»** | |
| | **2-сағат** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын).<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), темпріне қарап ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын ажырата біледі (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы)<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), темпріне қарай ажырата алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Әуеннің сипатын, көңіл күйін, өз ойларын жеткізе әңгімелей біледі.<br>Көптілділік: көгершін – голубь<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Марш, күй, жоғары-төмен.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкадан қандай әсер алдың? Тыңдаған әнді қалай бейнелер едің? Әннің мәтіні не туралы? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақтарда алған білімдерін көрсете алады, музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі. Өз ойларын еркін жеткізе әңгімелейді. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптар тыңдалады. – Бақыт деген не? – Бақытты болу үшін не істеу керек? – Достарына бақытты болу үшін қандай тілек айтасың? | **Музыкалық сүйемелдеу**<br><br>**Доп** |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.............минут | **Музыка тыңдау:** «Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят).<br>«Еркін самғап ұшсын» деп,<br>Мәпелейміз, баптаймыз.<br>«Бейбітшілік құсы» деп,<br>Қайсы құсты біз мақтаймыз? – Ән сендерге ұнады ма? Неліктен? Ән қанша бөліктен тұрады? Мазмұнын | |

| | | |
|---|---|---|
| | әңгімелеп беруді ұсыну.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тақ-тұқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән мазмұны мен көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау. «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру.<br>Көгершін – голубь деп екі тілде қайталап үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Лапин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Полька (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Бейбітшілікті сен қалай елестетесің? Бұл ән қандай құс туралы? Әннің қарқыны, көңіл күйі қандай? Сен бұл құсты білесің бе? Мына құстардың арасынан көгершінді тауып, белгіле.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің? Қажетті аспаптарды әншінің суретіне сызық арқылы қос.<br>Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың? Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.** | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қазан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Бағдаршам бағыт береді»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау дағдылары меңгерген.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жолда жүру ережелерін еске түсіреді. Бағдаршамның жұмысы туралы әңгімелейді.<br>Көптілділік: бағдаршам – светофор<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Бағдаршам, сурыпсалма, мәнерлі, үш түрлі көңіл күй.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бағдаршам түстерінің қызметі туралы не білесің?<br>Жол ережесін жатқа білесің бе?<br>Неліктен көліктер жүретін жолда велосипедпен жүруге тыйым салынған? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. Әуенге ілесе оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа ұрмалы аспаптармен әуеннің ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. | Музыкалық сүйемелдеу<br>Жол ережелері белгісі бар суреттер Ұрмалы аспаптар |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.**<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл. Бұл не?<br>Бағдаршам туралы толық мәлімет беру, түсіндіру.<br>**Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» (муз. Н. Дукенбаев, сөзі С. Дукенбаев).<br>– Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?<br>– Шығарманың қарқыны қандай?<br>– Әннің мазмұнында не туралы айтылады?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу.<br>Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айту:** «Бағдаршам» (муз. Қ. Қайым, сөзі Ә. Табылды).<br>– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?<br>– Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?<br>Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. «Бағдаршам» сөзінің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету:<br>бағдаршам – светофор<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Айжан қыз» (Құрманғазы). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Ұлттық би элементтерін, би ырғағын есте сақтауға үйрету, қарқынын сезіне мәнерлеп билеу. Вальс, марш жанрларымен салыстырып, ерекшеліктерін ажыратуға, әуен ырғағына сәйкес қозғалуға баулу.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнді мұқият тыңдап, бағдаршамның қызметін анықтап, есіңе сақта. Суретке қарап, бағдаршамның үш түрлі көңіл күйін әңгімеле.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Бағдаршам не үшін қажет? Мына суретте жолда жүру ережесін бұзғандар бар ма? Қайсысы дұрыс? Таңдаған суретіңді дөңгелекті бояп көрсет.<br>Суреттегі көліктердің қайсысы бағдаршамның қызметін қажет етпейді? Неліктен? Қайсысы қалай қозғалатынын әңгімелеп бер. | «Бағдаршам» әні<br><br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуы<br><br>«Бағдаршам» әні<br><br>«Айжан қыз» күйі<br>Аудиожазбалар, бейнематериалдар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытын-дысы. Рефлексия**<br>.........минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қазан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы:** | **«Күз - жомарт», «Алтын күз»** | |
| | **2 сағат** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады,амандасады:<br>- Сәлеметсіңдер ме,балалар!(до, ре, ми, фа, соль, соль, ля, ля, соль)<br>***Ән тыңдау:* «Тамшылар»** (М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп,жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өзорындарына тұруды қалыптастырады.<br>**Қимылды ойын: «Өзорныңды тап!»** Бұлойын балаларды ойлау қабілеттерінедағдыландырады, зейініноятады.<br>Балаларды зал бойыменжеке-жекетөрт қатарға тұрғызады, өз орындарын, кімніңартында, кімнің алдындаекенін көріп алулары керек.Музыка әуені басталғандабалалар еркін ырғақтарменжүгіре билейді. Музыкатоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісібелгі бергенде балаларалғашқы орындарынатұра қалуға үйренеді.<br>Бұл тапсырманы ойынретінде залға келген сайын ойнатып үйретсе, балалареркін тұруға қалыптасады.<br>**«Өз жұбыңды тап!»**ойыны да осылай ұйымдастырылады. Төрт, болмаса үш қатарғажұппен тұрғызылады, әрі қарай ойын дэл солайжалғастырылады.<br>**«Музыка бояулары»**ойынында балалардымузыка тембрі, ырғағы,мажор, минорладтарымен ойын арқылы музыка бояуларын білугебаулимыз. | бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш. |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......... минут | Балаларға интерактивтітақта, ширма арқылы битүрлерін көрсетеді: вальс,полька, марш, қазақ биін.<br>Опера және балет театрының бейне таспасынан  үзінділерді тыңдайды, көреді.Жанр түрлерін қайталапайтқызады, үйретеді.<br>Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді.<br>Жоғары және төмендыбыстар – көтеріңкіжәне баяу қимылдардысипаттайды.<br>**Музыка тыңдау:**<br>**«Күз»** жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.<br>**Ән үйрену**: «Бұл қайкезде болады?  Күз»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов<br>**Би:** «Кел, билейік» (Б.Байқадамов,М.Әлімбаев).<br>Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).<br>Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.<br>Өте баяу музыка – сарытүс.Баяудан бірте-бірте<br>көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл<br>Жоғары дыбыс - қызыл.Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен,орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды (жаттығу үлгідекөрсетілген).<br>Балаларға күз мезгілініңтүстерін, құбылысын түсіндіреді. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** | Ән сөзін сезіне айтуға үйретеді.<br>музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қараша айы. Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Шыныққан шымыр баламыз»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар орындау |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар жасай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Берілген тақырып бойынша өз ойларын айта алады.<br>Көптілділік: денсаулық – здоровье<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Вальс, марш, полька, шыныққан, шымыр.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Марштың вальстен қандай айырмашылығы бар?<br>Дені сау, шыныққан болу үшін қандай шаралар жасау керек?<br>Таңертеңгі жаттығудың қандай пайдасы бар? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай тақырыпта әңгіме өткіздік, есімізге түсірейік, қандай музыка тыңдадық, қандай ән айттық? |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Педагог балалармен әндетіп амандасады. Өткен сабақты естеріне түсіреді. Балалармен қандай ән айтқанымыз, қандай қимыл-қозғалыс жасағанымыз туралы қайталаймыз. **Проблемалық сұрақ:** Дене шынықтырумен айналысу балаларға не береді? Мынандай тұжырым жасалады: дене шынықтыру балаларды мықты, дені сау, төзімді, күшті етеді. Біз денсаулықты шыңдау шынығуға байланысты екенін жақсы білеміз. Жорықтарға шығу, жол жүру – бәрі денсаулыққа пайдалы. Дені сау азамат қана елін, жерін қорғай алады. Жорыққа шығып, жол жүргеннің қандай қызық екенін әуенді тыңдай отырып талдайық. | |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...........минут | **Музыка тыңдау:** «Жол жыры» (муз К. Қуатбаев, сөзі Ә. Дүйсенбиев). Әнді тыңдап, не туралы айтылғанын әңгімелеу. Музыканың көңіл күйін ажырату, қандай екпінде орындалғанына көңіл аудару.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). Әннің сөзін айтпай-ақ «ля» деп айтуларына болады. Терең дем алып, демді үнемдеп шығарып айтуға үйрету. | «Жол жыры» әні<br>«Қоңырау» әні<br>«Ел қорғауға әзірміз» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Ел қорғауға әзірміз» (муз. К. Қуатбаев, сөзі М. Әлімбаев). Педагог әнді орындап, балалармен сұхбат жүргізеді. Ел қорғау үшін алдымен шынықкан шымыр болуы тиіс. Балалардың сұрақ-жауап арқылы ойларын ортаға салуға, іркілмей жауап берулеріне мүмкіндік жасау.<br>Әнді орындау кезінде тыныс алу жағына көңіл бөлу.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов), «Қара жорға» халық әуені. Шынығуды таңертеңгі жаттығудан бастау керек.<br>Сонда күні бойы сергек жүресіңдер. «Қара жорға» әуеніне қимылдар жасап көрсету.<br>**1-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнде не туралы айтылған? Мазмұнын әңгімеле. Әуені, екпіні қандай? Жолға, жорыққа шығып көрдіңдер ме? Жолға жиналғанда қандай заттар қажет? Суретке қарап, достарыңа өзіңнің күн тәртібің туралы айтып бер.<br>**2-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ән саған ұнады ма? Шынықкан бала болу үшін не істеу керек? Қажетті суретті тауып, дөңгелекті боя. «Ел қорғауға әзірміз» әнінің мазмұны не туралы? Ержеткенде өз Отаныңды қалай қорғайсың? Сурет бойынша әңгімеле. «Ел қорғауға әзірміз» әнінің ырғағы, екпіні қандай? | «Таңертеңгі жаттығу» әні<br>«Қара жорға» халық әуені |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет  циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»   **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қараша айы.   Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Спорт – біздің досымыз»** |
|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Сұрақ-жауап кезінде тілді нақты пайдалануға дағдыланады. Әннің мазмұнын түсіне отырып ойларын жеткізуге тырысады.<br>Көптілділік: спорт – спорт<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Спорт маршы, аяқ добы, ашық-жарқын.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыканы тыңдай отырып не елестеттіңдер? Спорт туралы не білесіңдер? Әнде не туралы айтылған, спорттың ондай түрін білесіңдер ме? Музыка әуеніне ілесіп ленталармен жаттығу жасаған сендерге ұнады ма? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз. Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді пысықтаймыз. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру** | Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру.<br>Проблемалық сұрақ: Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Бүгінгі сабағымыз осы спорт туралы. Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз. | Спорттың түрлері туралы суреттер, слайдтар |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>......минут | **Музыка тыңдау:** «Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау.<br>Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тойбастар» (муз. Д. Нұрпейісова). Күйдің негізгі әуенін «ләй» буынында орындау. Терең дем алып, дауысты еркін шығаруға үйрету. Сегіздік, оналтылық ноталарды орындау ерекшеліктеріне көңіл аудару.<br>**Ән айту:** «Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау. Ұлттық ойын «Аққу-қаздар»<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әуен қалай аталады? Екпіні қандай? Әңгімеле. Спорт ойындарының қандай түрлерін білесің? Спорт не үшін қажет деп ойлайсың? Суреттегі спорт ойыны қалай аталады?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен? Суреттегі аяқ допшыларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос. Мәнерлі би қозғалыстарын доппен, таяқшамен, таспалармен жасайды. | «Спорт маршы» музыкасы<br><br>«Тойбастар» музыкасы<br><br>«Аяқдопшы» әні<br><br>«Лентамен жаттығулар» (вальс) |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қараша айы.** **Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау »

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Пайдалы жемістер»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыка жанрларын (ән, күй, би, марш) ажырата алады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған), жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Көгөністерді жемістерден ажырата алады. Әннің мазмұнын түсініп, оны өз сөздерімен түсіндіре алады.<br>Көптілділік: жемістер – овощи<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Күй, марш, би, полька, вальс.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы? Музыка жанрларын (ән, би, күй, полька, вальс) ажырата аласың ба? Қандай биді ұнатасың? Музыка ырғағына ілесіп ойдан би қимылдарын жасай аласың ба? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | **Балалармен амандасу.** Ұрмалы музыкалық аспаптарда үйренген әуендерді еске түсіріп қайталау.<br>**Проблемалық сұрақ:** Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.<br>– Балалар, сендер түрлі жанрда, түрлі ырғақта, түрлі көңіл күйде музыка тыңдадыңдар. Бүгін жанрларға тоқталамыз. «Күй» не екенін білесіңдер, күй – аспаптық музыка, зейін салып тыңдасақ, не туралы екенін түсінуге болады. Көбіне домбырамен орындалады. Би музыкаларына «полька», «вальсті» жатқызуға болады. «Полька» – жеңіл, ойнақы болса, «вальс» – қалықтап, айналып биленеді. Музыка тыңдап, жанрларды ажыратайық. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Алатау» күйі (Құрманғазы), «Полька», «Вальс», «Би әуені» (муз. Г. Левкодимова).<br>Балалардан қандай жанрларда музыка тыңдағанымызды сұрау. Полька мен вальстің айырмашылықтары неде екенін сұрау, түсіндіру. Күй туралы мағлұмат беру. | «Алатау» күйі<br>«Полька», «Вальс», «Би әуені» |

| | | |
|---|---|---|
| ..... минут | **Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.<br>**Ән айту:** «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).<br>Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанын сұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.<br>**Аспаппен танысу:** «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай дыбысталатынын айтып беру.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Жұмбақтарды шешіп, пайдалы жемістер мен көгөністің аталуын тап.<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ойын : «Жемістер мен көкөністер»<br>Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау. | «Жемістердің пайдасы» әні<br><br>Асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
2021-2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: Музыка
Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

| ҰОҚ тақырыбы: | «Шақырамыз жарысқа» |
|---|---|
| ҰОҚ-нің мақсаты: | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. |
| Күтілетін нәтиже: | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. |
| Тілдік мақсат: | **Балалар:** Сұрақ-жауап кезінде түсінікті сөйлеуге дағдыланады. Өздерінің сүйікті әндері, шығармалары туралы ойларын әңгімелейді.<br>Көптілділік: жарыс – соревнование<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Жоғары, төмен дыбыстар, дыбыс биіктігі.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Сен жарысқа түсіп көрдің бе? Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы не айта аласың? Ойдан шығарып орындау дегенді қалай түсінесің? |
| Өткен ҰОҚ-нен алған білім | Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды, шығармашылықтарын көрсетеді. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру** | Балалармен амандасу. Педагог таныс әндерді ойнайды, балалар әуенге ілесе әндерді естеріне түсіріп орындайды. Педагог балалардың спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы не білетіндері жайлы әңгіме қозғайды. шыңдаласыңдар. Бүгін сол жарыс туралы ән айтып, музыка тыңдаймыз. | Интерактивті тақта Спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы слайдтар |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Музыка тыңдау:** «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. – Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер? – Бұл музыкаға қандай қимыл лайық?<br>**( Дауыс жаттығулары:** «Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек | «Жарысамыз» (регтайм), «Шақырамыз жарысқа»<br><br>«Шертер» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | ашып, таза орындау.<br>**(Ән айту:** «Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов).<br>Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу.<br>Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов).<br>Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс! Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсыңдар? Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? | «Шақырамыз жарысқа» әні<br>«Түлкі мен қаздар» музыкасы |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......... минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін:

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қараша айы.** **Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Алматының алмасы»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Сүйікті қаламыз Алматы жайында біледі. Әлемге танылған апорт жайында әңгіме айта алады.<br>Көптілділік: алма – яблоко<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Сүйемелдеумен, сүйемелдеусіз, қарқын, екпін.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Апорт деген қандай алма? Алматы туралы не білесің, қандай көрікті жерлерін білесің? Айтылып жүрген әндердің күшті, әлсіз бөліктерін ажырата аласың ба? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы әндерді педагог орындағаннан кейін келесі әнге ауысқанда балаларды қызықтыру.<br>АҚТ технологиясымен жұмыс<br>Әңгіме өткізу: – Еліміздің ең ірі қаласы қай қала екенін білесіңдер ме?<br>Қандай көрікті жерлерін білесіңдер? Алматы – өте әсем қала, онда әлемге әйгілі «Медеу» мұзайдыны, Көктөбе, Опера және балет театры, Республика сарайы т.б. көптеген көрікті жерлері бар. Алматыда әлемге әйгілі апорт алмасы өседі. Бүгін осы әсем қала туралы музыка тыңдап, апорт туралы ән үйренеміз. | Интерактивті тақта<br>Алматы туралы деректі фильм |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:** «Алматы» (муз. Е. Хасанғалиев, сөзі А. Асылбеков). Балалардан тыңдаған музыка не туралы екенін сұрау, әннің қандай көңіл күйде жазылғанын әңгімелеу.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Былқылдақ» (Тәттімбет). «Былқылдақ» күйінің негізгі әуенін «ду» буынында айтқызу. Терең тыныс алып, демді сыртқа еркін шығаруға үйрету. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі, тіл артқа қарай жылжиды. | «Алматы» әні<br><br>«Былқылдақ» күйі<br><br>«Мен алманы жақсы |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов). Әлемге әйгілі Алматының алмасы – апорт туралы балалардың пікірін тыңдау, әңгіме өткізу. Әннің сипатын ажырату. Әнді бірқалыпты, бір-бірін тыңдап, бірге қосылып айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М.Мусоргский). Музыка әуеніне қосылып, сипатына сәйкес ырғақты сақтай отырып мәнерлі қимыл-қозғалыстар жасау.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Неліктен алманың отаны Алматы деп айтады? Алманың қандай пайдасы бар? Алма қандай түстерде болады? Ертегіден келген қонақтарға алмаларды тарту ет. Апорт деген қандай алма? Оның түсі, көлемі, дәмі қандай болады?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Алматының қандай көрікті жерлерін білесің? Суреттерге қарап, достарыңмен бірге әңгімеле. «Алматы» әнінің мазмұны туралы әңгімелеп бер.<br>Әннің екпіні, ырғағы қандай? | көремін» әні<br><br>«Билеп үйренеміз», «Билейміз» (муз. М. Мусоргский) |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** ..... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | |
|---|---|
| **Тақырыбы:** | **«Мен Отанымды сүйемін»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.<br>**Кейбір балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады<br>Көптілділік: көңілді – веселый<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.Пікір алмасу сұрақтары:<br>Біздің Отанымыз қандай? Елордамыз Астана туралы не білесің? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:<br>– Сен қай мемлекетте тұрасың?<br>– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?<br>– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің | Доп |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......... минут | **Музыка тыңдау:** «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.<br>**Ән айту:** «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).<br>Отан – туған еліміз,<br>Отан – туған жеріміз.<br>Отан – ортақ үйіміз,<br>Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый<br>**Аспаппен танысу:** Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Керуен деген не? Сен өз керуеніңе үй жануарынан қайсысын таңдар едің? Суреттегі музыкалық аспаптар қалай аталады? Мына музыкалық аспаптардың саған қайсысы таныс? Олар қалай аталады? «Сәулем-ай» халық әнін орындау үшін қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрайық. | Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет<br><br>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары<br><br>«Отаным» әні<br><br>«Менің Отаным – Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер<br><br>«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............ минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау. | |

«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін:

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Желтоқсан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Туған жерім – тұғырым»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: салтанатты – торжественный<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар?<br>Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттеп бер. | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады.<br>Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлем! Привет! (әндете амандасу).<br>Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.<br>Туған жерге құрақ болам,<br>Шуақ болып жылынар.<br>Туған жерге бұлақ болам,<br>Шөл қандырар суы бар.<br>Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру. | Музыкалық сүйемелдеу<br>Үлестірмелі карточкалар<br>«Туған жер» тақырыбына салынған түрлі суреттер немесе интерактивті тақта, слайдтар |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....минут | **Музыка тыңдау:** «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, | «Туған жер» әні<br><br>«Тик-так», |

| | | |
|---|---|---|
| | таза айтуға баулу.<br>**Ән айту:** «Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).<br>Көк байрақтың бетінде,<br>Қыран бүркіт қанатты.<br>Сол қырандай еркіндеп,<br>Бала өседі талапты. (М. Әлімбаев)<br>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.<br>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен?<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Айжан қыз қандай әуенге билейді?<br>Биге қандай киім үлгісін ұсынар едің? Киімдерді ата. Айжанның қазақша тақиясының суретін тап<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың?<br>Өз елің туралы әңгімелеп бер.<br>Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз. | «Жаңғырық» жаттығулары «Егемен ел Қазақстан» әні<br><br>«Менің Қазақстаным» атты слайдсуреттер<br><br>«Үш көңіл күй» («Марш», «Полька», «Вальс»), «Бесік жыры» әндері Үлестірмелі карточкалар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Астанаға саяхат»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – құс, орташа – қоян, төмен – аю) анықтау.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарқынды (жылдам, баяу), динамиканы (қатты, ақырын), регистрді (жоғары – құс, орташа – қоян, төмен – аю) ажырата алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Елордамыз Астана туралы білгендерін әңгімелейді.<br>Астана туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: Астана – столица<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Әуеннің динамикасы, жоғарғы регистр, Бәйтерек, елорда.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>– Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың?<br>– Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)<br>– Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды.<br>Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлем! Привет! Hello!» (әндете амандасу).<br>(Т) Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін білдіреді. | Музыкалық сүйемелдеу<br>Үлестірмелі карточкалар<br>«Елордамыз – Астана» атты слайд |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...... минут | **Музыка тыңдау:** «Гүл жайнаған Астана» (муз. мен сөзі Г. Жотаева). Ән көңілді, жайдары орындалады. Қарқыны мен динамикасы туралы тоқталып өту.<br>– Астананың қандай көрікті жерлерін білесің?<br>– Астананы неліктен жас қала дейді? Әннің мәтіні туралы әңгімелеу. | «Гүл жайнаған Астана» әні<br>Аудиожазба Музыкалық сүйемелдеу |

| | | |
|---|---|---|
| | Елордам менің – Астанам,<br>Осында жаңа бастама.<br>Сәулетті жаңа үйлер көп,<br>Көрікті сондай жас қала! (Н. Қалқа)<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әуе шары». Дұрыс тыныс алу ережесін сақтау үшін қолданылады. Терең тыныс алу, үрлеп, «шарды үлкейту».<br>Көптілділік: Астана – столица<br>**Ән айту:** «Астанам – бас қалам» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ү. Қонысбекова). Ұлы Қазақ ордасы<br>Бәйтерегім Астанам!<br>Болашаққа Елбасы<br>Бәрімізді бастаған! (Д. Қиқымов)<br>Өлеңді мәнерлеп оқып, балалардың қызығушылықтарын ояту.<br>– Әннен қандай әсер алдың?<br>– Неліктен ән салтанатты, екпінді орындалады?<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Биге шақырамыз» (Г.А. Портнов). Таныс би элементтері мен қимылдарды араластыра отырып өз өнерін көрсете білу.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Суретте қай қала бейнеленген? Елордамыз Астана туралы әңгімеле.<br>Бұл ғимараттар қалай аталатынын анықта.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Бәйтерек» деп не үшін аталғанын білесің бе? Әннен қандай әсер алдың?<br>Неліктен ән салтанатты, екпінді орындалады? Өз ойыңды әңгімеле. | «Бәйтерек» әні Бәйтеректің суреті<br><br>Нота хрестоматиясы<br><br>«Биге шақырамыз» музыкасы Би элементтері көрсетілген бейнежазбалар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Желтоқсан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Айнала ақша қар»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады. Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.<br>**Көпшілік балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда жеке күрделі емес ырғақты суреттерді ойнай алады.<br>**Кейбір балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>Көптілділік: қар – снег<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді. | Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау.<br>Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.<br>**Ән айту:** «Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов). Әнді тыңдап, | «Сырғанақ» әні<br><br>«Зырлайды шанамыз» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.<br>**Аспаппен танысу:** «Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау. Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау.<br>Ұлттық ойын «Ормандағы аю».<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр.<br>Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?<br>Екінші аққалаға не жетіспейді?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата | «Музыкалық аспаптарға арналған этюд» |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Мәңгі жасыл шыршалар»** | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Өздеріне таныс музыкалық шығармалардың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жалпы музыкалық шығармалардың көңіл күйін, мазмұнын әңгімелей алады. Өз ойларын жеткізе алады.<br>Көптілділік: шырша – елка<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Салтанатты, қуанышты, мұңды, вальс.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Орманшы туралы не айта аласың? Әннің қай бөліктері жақсы шықты?<br>Музыка тыңдай отырып осы музыкаға қандай қимыл жасар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қандай музыкалық аспаптарда, қандай әуен ойнағанын, қандай қимылдар жасағанын еске түсіреді. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен әндетіп амандасу.<br>**Ой қозғау.**<br>Өткен сабақтағы айтқан әндерді еске түсіріп, әуенімен қайталау.<br>Музыка тыңдағанда не естерінде қалғанын әңгімелеп жеткізу.<br>Басқа қандай бөлімдерде жұмыс жасағанымызды еске түсіріп қайталау.<br>Бізде қыс мезгілінде болатын қандай мерекені білесіңдер?<br>Ол мерекеде кімдер келеді, не әкеледі? Шыршалар қандай түсте болады және түсі өзгере ме?<br>Шырша қайда өседі? Бүгін біз мәңгі жасыл шыршалар туралы, шырша өсетін орман туралы, орманды қарайтын орманшы туралы сабағымызды жалғастырамыз | Орманның, ормандағы мәңгі жасыл шыршалардың суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек.<br>Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды). | «Орманшы» әні |

| | | |
|---|---|---|
| ..... минут | **Дауыс жаттығулары:** «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру.<br>**Ән айту:** «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.<br>Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).<br>Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.<br>Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ән не туралы?Әннің ырғағы мен қарқыны қандай? Қандай музыка ырғақтарын білесің? Бірге есімізге түсірейік (марш екпінінде, секіртпелі – тез, жай – созылмалы).<br>**2-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе?<br>Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім? | «Аққу» күйі<br><br>«Жасыл шырша» әні<br><br>«Конькишілер вальсі» музыкасы |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.** | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қаңтар айы. Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Жасыл шыршалар» қайталау.** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Өздеріне таныс музыкалық шығармалардың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жалпы музыкалық шығармалардың көңіл күйін, мазмұнын әңгімелей алады. Өз ойларын жеткізе алады.<br>Көптілділік: шырша – елка<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Салтанатты, қуанышты, мұңды, вальс.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Орманшы туралы не айта аласың? Әннің қай бөліктері жақсы шықты?<br>Музыка тыңдай отырып осы музыкаға қандай қимыл жасар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қандай музыкалық аспаптарда, қандай әуен ойнағанын, қандай қимылдар жасағанын еске түсіреді. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен әндетіп амандасу.<br>**Ой қозғау.**<br>Өткен сабақтағы айтқан әндерді еске түсіріп, әуенімен қайталау.<br>Музыка тыңдағанда не естерінде қалғанын әңгімелеп жеткізу.<br>Басқа қандай бөлімдерде жұмыс жасағанымызды еске түсіріп қайталау.<br>Бізде қыс мезгілінде болатын қандай мерекені білесіңдер?<br>Ол мерекеде кімдер келеді, не әкеледі? Шыршалар қандай түсте болады және түсі өзгере ме?<br>Шырша қайда өседі? Бүгін біз мәңгі жасыл шыршалар туралы, шырша өсетін орман туралы, орманды қарайтын орманшы туралы сабағымызды жалғастырамыз | Орманның, ормандағы мәңгі жасыл шыршалардың суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | **Музыка тыңдау:** «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек.<br>Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды). | «Орманшы» әні |

| | | |
|---|---|---|
| ..... минут | **Дауыс жаттығулары:** «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру.<br>**Ән айту:** «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.<br>Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).<br>Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.<br>Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ән не туралы?Әннің ырғағы мен қарқыны қандай? Қандай музыка ырғақтарын білесің? Бірге есімізге түсірейік (марш екпінінде, секіртпелі – тез, жай – созылмалы).<br>**2-сабақ. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе?<br>Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім? | «Аққу» күйі<br><br>«Жасыл шырша» әні<br><br>«Конькишілер вальсі» музыкасы |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.** | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қаңтар айы .** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Қыс қызығы»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыканы тыңдауды, ырғақты сезінуді, әнді мәнерлеп айтуды біледі.<br>Музыкалық аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды үйренеді.<br>Музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру) меңгереді: | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жаттығуды қайталапайтуға тырысады.<br>Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Қыс, шырша, аққала.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка тыңдай отырып оны қалай сипаттар едің?<br>Ән мазмұны не туралы? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта айтқан әндері мен тыңдаған музыкалары жайында әңгімелейді.<br>Қандай қимыл-қозғалыс жасағандарын естеріне алады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді.<br>Жеделхат алып келіп, оқиды: «аққала көмекке шақырады».<br>«үш аю өз өнерін көруге шақырады»<br>«қояндар жарысқа шақырады».<br>Балаларды алаңға «қысқызығы» ойын-сауығына шақыру.<br>Жетекші: қыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық. | Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет. |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **«Шаңғы тебеміз»** Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.<br>**Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Қағаздан аққала құрастыру.**<br>**«Қыс»** әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады.<br>Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық.<br>**Ойын: «ырғақты жұмбақ».**<br>Аспаптар ырғағы арқылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі? | |

| | | |
|---|---|---|
| | -ауыр , жай ырғақ.<br>-орташа, көңілді ырғақ.<br>-жеңіл, көңілді ырғақ.<br>Балалардан қонжықтың және әке аюмен ана аюлардың жүріс ырғақтарын айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды.<br>Ендіән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар қарсы алады.<br>Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады.<br>**Ойын: «көңілді ырғақ».**<br>Қоян дирижер рөлінде.<br>Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.<br>**«Ақшақар»** әнін қайталау. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>……… минут | – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабақ қалай өтті?<br>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қаңтар айы . Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Қызықты жорық»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), каттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақты суреттерді ойнау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Өздері барған экскурсиялары туралы ой-пікірлерін бөліседі.<br>Көптілділік: қызық – интересно<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** ансамбль, контрабас, гитара, шаңқобыз.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бұл дыбыс неге ұқсайды?<br>Шулы дыбыстар мен музыкалық дыбыстардың айырмашылығы қандай?<br>Бұл аспапта қалай ойнайды? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма билерін көрсете біледі.<br>Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын суретпен байланыстыра әңгімелей алады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>Өрлеп мына біз шыңға шығамыз, Сөз емес қой асқар биік құз.<br>Таңмен күлеміз, суда жүземіз, Шыңдалып, жорықта жүреміз.<br>(Н. Әлімқұлов)<br>– Жорық деген не? Оның адам организміне пайдасы туралы түсіндіру.<br>– Демалыс күндері отбасыңмен бірге қайда қыдырасыңдар?<br>– Тауға жорыққа шығып көрдің бе? Сұрақтар қою арқылы әңгімелесу. | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Жорықтар түрі бейнеленген түрлі түсті суреттер |
| ҰОҚ-нің ортасы | **Музыка тыңдау:** «Жол жыры» (муз. Ш. Қалдаяқов, сөзі Т. Молдағалиев). | «Жол жыры» әні |

| | | |
|---|---|---|
| **III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.........минут | – Ән мазмұны мен қай суретті байланыстырар едің?<br>– Ән сипатына сәйкес қалай орындалады?<br>Жорыққа шыққан қызық екенін айтып, үш тілде қайталап айтқызу,<br>үйрету: қызық – интересно<br>**Дауыс жаттығулары:** «Ән саламыз», «Әдемі ән» жаттығулары дауыстың еркін шығуына ықпал етеді.<br>**Ән айту:** «Жорық жыры» (муз. Н. Тілендиев, сөзі М. Әлімбаев).<br>Әннің сипатын, екпінін анықтау үшін сұрақтар қою.<br>Ән көңілді, сергек, шаттық сезіммен орындалатынын түсіндіру.<br>Әнді сипатына сай орындап беру.<br>Мәтіні мен әуенін, жоғарғы дыбыстарды таза, анық айтуларын қадағалау.<br>Әннің көңіл күйін сезіне орындауға дағдыландыру.<br>Мәтіні мен әуенін таза, анық айтуларын қадағалау.<br>– Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады?<br>**Аспаппен танысу:** «Біздің оркестр» (муз. С. Соснин). Үшбұрыш, бубен, маракас, металлофон аспаптарын меңгеруді жалғастыру. Ансамбльмен және жеке орындауда жеңіл ырғақтарды ойнау.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Жорыққа шыққан көңілді достардың дауысы қай аспаптың дыбысына ұқсайды? Дауысы сәйкес келетін аспаптарды орман тұрғындарымен сызықпен қосып көрсет. Көңілді жорыққа шыққанды ұнатасың ба? Саяхатқа шығып көрдің бе? Суреттен саяхатшы баланы тауып бер.<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің ырғағы, екпіні қандай? Балақай, сені дыбыстар еліне саяхатқа шақырамыз. Мұқият бол! Көк сызықпен шулы дыбыс беретін заттарды белгілеп көрсет.<br>Ал қызыл сызықпен музыкалық дыбыс беретін заттарды белгіле. Қандай көлік түрлерін білесің? Саған қай көлік ұнайды? Орман тұрғындарына өз үйлеріне тез жетуіне көмектес. Аюға – қоңыр, қоянға – жасыл, қасқырға – көк, торғайға қызыл түстермен жол салып көрсет, сызықпен үйіне жеткіз. | «Ән саламыз»,<br>«Әдемі ән» жаттығулары<br>«Жорық жыры» әні<br><br>«Біздің оркестр» музыкасы<br>Ұрмалы музыкалық аспаптар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Қаңтар айы.** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Ормандағы кішкентай тұрғындар»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар музыканы тыңдап, қимылдарды қайталауға талпынады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады.<br>Аспаптарды ауыстырып ойнауға үйренеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Қыс,қар таяқшалары, құртақан (гном).<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)<br>Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың?<br>Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды.<br>Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді күймен қарсылалады.<br>Бүгін барлығы сиқырлы орманға барамыз.<br>**Музыка тыңдау: «вальс»** П. Чайковский. Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.<br>**«Табиғат құбылысы»** (үнтаспадан тыңдалады)<br>балаларға жауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды.<br>Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.<br>-Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.<br>Құртақандар көмекке шақырады, орманға барамыз құртақандарды табамыз.<br>Жылдам жүгіреміз, адымдап жүреміз.<br>Деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады. | Жұмбақ ойыншықтар,қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, қоңырау,бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша. |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Дауысжаттығуы: «баспалдақ» Е.Тиличеева.** жаттығуды айтқызады,үйретеді.<br>Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.<br>**Әнүйрену: «қыс»** Б.Жүсібалиев. А.Ақылбеков.<br>Балаларға әнді жаттатып үйрету.<br>**Әуенді қимылды қозғалыс: «Қоңыраулар мен билеймыз».** Балаларды жеке-жеке шығарып айтқызады:<br>1-бала:<br>Келіңдер келіңдер,<br>Бізбен ойнап көріңдер.<br>2-бала:<br>Келіндер келіндер<br>Бізбен билеп көріңдер.<br>3-бала:<br>Шапалақтап қағыңдар<br>Айналыңдар билеңдер.<br>4-бала:<br>Топылдатып аяқты<br>Кезек-кезек соғыңдар!<br>Жетекші қуыршақ құртақанды көрсетеді.<br>Құртақандардың балаларға қоңырау, металлофон,<br>үшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жібергенін айтады.<br>**Аспаптарда ойнау: «сылдырмақ»** (орыстың халықәні).<br>Жетекші балаларға музыкалық аспаптармен қосылып ойнауды үйретеді.<br>Аспаптарда ойнайық, шыршаға барайық, бір-екі, бір-екі, ырғақты бұзбайық. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........ минут | **Ойын: «шаңғы тебеміз»** (Е. Тиличеева.)<br>Асыр салып ойнаймыз,<br>шаңғыларды байлаймыз.<br>Ырғақпенен қозғалып,<br>жаттығуды жасайық.<br>-Бүгін бізге кімдер келді?<br>-сендерге аспапта ойнаған ұнады ма?<br>Балаларды мадақтайды. | смайлктер |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Қаңтар айы.** **Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыканы тыңдауды, көңілді-көңілсіз, қуыршақ театры арқылы рөлдерде кейіпкер даусын салып ойнайды.<br>Музыканы тыңдай отырып, қуыршақ театры арқылы рөлдерде кейіпкер даусын салып қайталайды<br>Музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билейді. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Балалардың эмоцыялары өзгереді, қуанады.<br>Амандасып , орындарына орналасады.Қуаныштарын білдіреді.<br>Балалар Марғау мен Ақтөстің дауыстарын естіп, түсінуге тырысады.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Үреді, мяулайды, қуланады.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Ертегі деген не?<br>Қандай ертегі кейіпкерлерін білесіңдер? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды.<br>Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады.<br>Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады.<br>Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді.<br>Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты.<br>Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын<br>Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).<br>Мияу-мияу, мен айтамын.<br>Ақтөс: әуп-ауп, мен айтамын.<br>Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?<br>Мысық Марғау қалай дыбыстайды?<br>Ал Ақтөс ше? | Театр сахнасы, қуыршақтар, |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып** | Марғау: мияу-мияу,мен айтамын.<br>Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп. | Сандықша, шырша, текше, қоян, қасқыр |

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс**<br>..... минут | Ертегіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?<br>Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).<br>Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.<br>-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?<br>**Музыка тыңдау:** «Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.<br>Марғау жылайды.<br>Ақтөс: сен неге жылап отырсың?<br>Марғау:Қазыр сен кетіп калсаң, Түлкі мені алып кетеді.<br>Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.<br>Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме?<br>Түлкі:(келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?<br>Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?<br>Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.<br>Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен<br>біз саған Марғауды тауып береміз.<br>Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсындар?<br>Ертегіші:Біз саған «**Жасыл шырша жанында»** әнін тарту етеміз.<br>Балалардың әнді қайталап айтуын сұрайды.<br>Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.<br>**Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ».**<br>Жаттығуды төменнен жоғарыға бастауды түсіндіреді (қолымен төменнен жоғарыға қарай баспалдақпен сермеп бірте-бірте жоғарылай береді).<br>Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен,текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.<br>Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді.<br>-сендер текшеге карап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?<br>Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.<br>**Ойын: «сөйлейтін бубен».**<br>«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады.<br>Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.<br>Ертегіші балалардың Ж.Бизенің «Каскырлар мен Қояндар» қойылымын қайталап билеуын сұрайды.<br>Ертегіші: түлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып<br>келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық.<br>Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін<br>екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады. | суреттері. |
| **IV. ҰОҚ-нің** | -Балалар, сендер өте жақсы қатыстыңдар, әдемі билединдер. | смайлктер |

| | | |
|---|---|---|
| **қорытындысы. Рефлексия** ........ минут | -Бізге Түлкішек қандай тапсырма әкелді?<br>-Қандай би түрлерін биледіңдер?<br>-Балалар, сендерге келесі жолы тағыда қонақтар шақырамыз.<br>Сендер үйренген биді, әнді, ойындарды топта,<br>үйде қайталаңдар,- деп балалады мадақтайды, қоштасады | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Ақпан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Су – өмірдің өзегі»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады.<br>Көптілділік: су – вода<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Динамика, ырғақ, қарқын.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетінше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады.<br>– Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ. | |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **(Музыка тыңдау:** «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгелене кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету. | «Аққу көлі» (үзінді)<br><br>«Саржайлау» күйі<br><br>«Су – өмірдің өзегі» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).<br>Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу.<br>Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).<br>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Аққу қандай құс?<br>Хайуанаттар бағына барғанда аққуды көріп, ол туралы біліп ал.<br>Шығарманы мұқият тыңда. Қандай әсер алдың?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Судың пайдасы туралы не білесің?<br>Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?<br>Суреттегі тышқан мен аюдың жоғары басқышқа қайсысы лайықты?<br>Ал төменгі басқышта ше? Сызықпен қосып көрсет. Көбелектер неге ұқсайды?<br>Көбелектің түсі қандай болады? «Көбелек» биінің екпіні, ырғағы қандай? | «Көбелек биі» |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Ақпан айы.** **Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Бағдаршам»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | «Амандасу жаттығуын» айтады.<br>Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын үйренеді | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды біледі<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** сабырлы, көңілді, жігерлі, бағдаршам, ереже, ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бағдаршам не үшін керек?<br>Көліктер дегеніміз не?<br>Қандай көлік түрлерін білесіңдер? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік.<br>Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.<br>Б. Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады.<br>Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді.<br>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп, Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.<br>Қасқыр:<br>Еркін өсіп далада,<br>Келдім бүгін қалаға.<br>Қиналдым көше тәртібін<br>Кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды. | бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол. |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | Желаяқ:<br>Бағдаршамға қараймын,<br>Қараймын мен таңдана.<br>Өшіп-жанған көзінің<br>Алмай сырын аңғара. –<br>Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін.<br>(Зуылдап жүгіріп өтеді). Тұлпар:<br>Ережесін көшенің<br>Шемішкедей шағамын.<br>Болмай ма екен тұлпардай,<br>Баяу өте алатын. (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян:<br>Ой-ой, мына қасқырды<br>Көріп тұрмын тұңғыш рет.<br>Қайдан келген бұл өзі?<br>Қалалықтан емес бұл. (Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).<br>Қоян:<br>Әй, әй, Қасеке,<br>Не көрінді өзіңе,<br>Қарасаңшы көзіңе!<br>Бағдаршамға қиылып,<br>Қараймын мен жымиып,<br>Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп.<br>(Қызыл да жанып үлгереді, артынан Қасқыр жүгіреді).<br>Арыстан:<br>Әй, Қоян, бері кел, бері, Әрі-бері жүгіре берме! Ауылдан келген қасқырға Үйрет мына ережені!<br>Қоян: Арыстан аға, құп болады!<br>Тек қасқырға айтыңызшы, Мені қуа бермесін, Айтқанымды тыңдасын.<br>Арыстан:<br>Кел бері, Қасқыр, қасыма,<br>Сенің құлағың - Қоянда,<br>Ал көзің бағдаршамда болсын!<br>Түсіндің бе?<br>Қасқыр:<br>Әй, Арыстан аға Қоянға күнім түсті ғой. Амал қанша, қайтейін?<br>Қоян: (Ескерту белгісі)<br>Үшбұрыш қызыл көрінсе -«Абайла, Қасқыр!» (Тыйым салу белгісі) Дөңгелек қызыл шеңберде -«Тоқтай | үнтаспа, дискілер, қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан кейіпкерлерінің костюм атрибуттары. |

| | | |
|---|---|---|
| | қал, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі) Дөңгелек көк шеңбер ме -«Жолыңыз ағайын».<br>Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!<br>Қасқыр: Түсіндім, болды енді,<br>ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,<br>күнім өзіме келер-р-р-р!<br>Арыстан: Жол тәртібін білейік,<br>Аман-есен жүрейік.<br>Қасқыр: Барар жерге асықпай,<br>Қоян: Аман-есен жетейік.<br>Ән: «Жолаушылар жыры» (Ж. Қалжанова). | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........ минут | Сұрақ –жауап.<br>- Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?<br>- Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.<br>- Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?<br>Смайлктер беру | смайлктер |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Біз өнерпаз баламыз»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарлығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажыратады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйке ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта) сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас) ажырата алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Өздері ұнататын өнер түрлері туралы әңгімелейді. Тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Көптілділік: би – танец<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Тайтұяқ, жетіген, мимикамен көрсету, халық әні.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Әннің ырғағына қандай қимылдар жасауға болады?<br>Тыңдаған әннің әуені саған қалай әсер етті?<br>Музыканы тыңдағанда көз алдыңа нені елестете аласың? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>«Ән салған кім?» ойынын ұсыну. Ортаға көзі жұмулы бала тұрады. Кез келген бала ортадағы баланың атын әндете айтады. Ортадағы бала тапса, әнші баламен орын алмастырады. Ойын 2-3 рет қайталанады. «Өнерпаз бала» тақырыбына әңгімелесу. Суреттер көрсету. | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Тақырып бойынша суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып** | **(Т) Музыка тыңдау:** «Ақжайнақ» халық әні. (балалар ән жинағынан)<br>Әнді тыңдап, сипатын анықтайды, ән көңілді ма, әлде көңілсіз бе? Ән туралы әңгімелейді, | |

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс**<br>............. минут | қарапайым пікірлерін ортаға салады.<br>– Отбасыңда халық әнін орындайтын өнерпаз бар ма?<br>Сұрақтар қою арқылы сөздік қорларының жетілуіне әсер ету.<br>**(Т, Ж) Дауыс жаттығулары:** «Күзгі жел», «Әдемі ән».<br>Тыныс алу ережелері дұрыс жасалуын қадағалау.<br>**(Т, Ж) Ән айту:** «Жан сырым» (муз. Е. Өміров, сөзі Х. Талғаров).<br>Әнді сезімталдықпен орындау.<br>Мәтінін түсіндіріп, балалардың қызығушылығын ояту. Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады.<br>– Әннің сипаты қандай?<br>– Ән не туралы айтылған?<br>**(Т) Аспаппен танысу:** «Тайтұяқ пен асатаяқ» (муз. А. Райымқұлова). Аспаптың дауысын есте сақтауға үйрету.<br>**Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің әуені, ырғағы қандай<br>Жетіген мен қобыз аспаптарының аталуын есте сақта!<br>Аспаптар неден жасалған?<br>Бұл аспаптар қандай түсте деп ойлайсың? | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.....минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, шапалақта қолыңды, жоғары соз мойныңды, қолыңды бұлға жоғары. Сау болыңыздар | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін:

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Ақпан айы.** **Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Ардақты ұстазым»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендер, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Мектептегі ұстаздары туралы әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.<br>Көптілділік: ұстаз – учитель<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Нәзік, жұмсақ, композитор, сүйемелдеу.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)<br>Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың? Ұстаз деген кім?<br>Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлем! Привет!» (әндете амандасу)<br>Мимикалық жаттығу. «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, өз беттерінде мимикамен көңіл күйін көрсетеді. Түрлі мамандықтар туралы, олардың еңбектерімен таныстыру. | Музыкалық сүйемелдеу<br>Көңілді және мұңды (көңілсіз) баланың суреті |

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Музыка тыңдау:** «Ұстаз – ол» (муз. Д. Қиқымов, сөзі Ғ. Орманов). «Салауат» (муз. мен сөзі М. Оразалиева). Әнді тыңдап, сипатын, көңіл күйін ажырату. Ән мазмұнын әңгімелеуді ұсыну.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әуе шары». Дұрыс тыныс алу ережесін сақтау үшін қолданылады.<br>Терең тыныс алу, үрлеп, «шарды үлкейту».<br>Қарапайым әуенге қосыла отырып ұстаз – учитель сөздерін таза, әндете айтуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Мұғалім» (муз. Қ. Сақай, сөзі Н. Жанаев). Ардақты мұғалім, Білімің – бұлағым.<br>Таусылмас сен жайлы Тасқынды жыр әнім. (А. Шаяхметов)<br>– Педагог сендерге қандай көмек көрсетеді? Ержеткенде кім боласың? Әннің композиторы туралы айтып, мамандығы жөнінде әңгімелеу. Әнді таза, әуенімен айтуға дағдыландыру.<br>Әннің қарқыны, сипаты туралы сұралады.<br>– Неліктен нәзік, жұмсақ деп ойлайсыңдар? Әннің күшті және әлсіз бөліктерін бірге қосыла ажыратуға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қамажай» (халық әні, өңдеген Н. Меңдіғалиев). Үйренген таныс би элементтерін ырғақпен мәнерлеп көрсетуге тырысады. Би ырғағына сәйкес ойдан шығарып, суырыпсалма би өнерлерін көрсетеді.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ұстаз деген кім? Ұстаздың қызметі туралы әңгімеле.<br>Сүйікті ұстазыңа не сыйлар едің? Ұстазыңа арнаған гүл шоғының суретін көрсет.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Қамажай» биіне қай қыз лайықты деп ойлайсың?<br>Неліктен сол суретті таңдадың? Қыздарға өз аспаптарын табуға көмектес. Алдымен сызықтар бойымен саусағыңды жүргізіп көр. Әрі қарай үзік сызықтарды әуен ырғағына сай жалғастыр. | Түрлі мамандық иелерінің суреттері «Ұстаз – ол» әні «Салауат» әні Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Педагог пен балалардың түрлі түсті суреттері<br><br>«Қамажай» әні<br><br>Би элементтері көрсетілген бейнежазбалар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Смайлктер беру | смайлктер |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Анашым – мақтанышым»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әндерді қарапайым әуендерден ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүймелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әндерді қарапайым әндерден ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады<br>**Кейбір балалар:** Ән сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Сүйікті әндері туралы өз ойларын әңгімелей алады. Әннің көңіл күйін жеткізе алады.<br>Көптілділік: ана – мама<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Музыкалық шығарма, әуен, ән, музыка.<br>**Пікір алмасу сұрақтары**:<br>Композитор деген кім?<br>Ән айтқанды ұнатасың ба?<br>Ән әуеніне сай қандай қимылдар жасар едің? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды.<br>Өз шығармашылықтарын көрсетеді. |

**Ұоқ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен амандасу. Өткен сабақта не өткенімізді қайталап, еске түсіру. Қандай музыка тыңдағанымызды және ол не туралы екенін баяндау.<br>– Әлемдегі ең қымбат жан кім деп ойлайсыңдар?<br>Суреттен түрлі мамандықтарды көрсетіп, ана – аспаз, ана – дәрігер, ана – ұстаз, ана – күтуші екенін түсіндіру.<br>– Ананың аялы алақаны сендерді әрқашан қорғап, қолдап отырады.<br>Бүгінгі тақырыбымыз сол аяулы аналар жайында болмақ. | Аналардың суреттері, түрлі мамандықта жүрген аналардың суреттері. |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>............минут | **Музыка тыңдау:** «Жан анам» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева)Тыңдаған әннің кім туралы екенін, қандай көңіл күйде жазылғанын сұрау, әңгімелеу. Өз аналары туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Музыканың сипатын сөз ету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди» халық әні. Бұл ән ұйықтар алдында айтылатындықтан әнді айғайламай, байыппен, баяу айту қажет. | «Жан анам» әні<br><br>«Әлди-әлди» халық әні<br>«Ақ мамам» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Ақ мамам» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог өзі орындап, балалардан сұрақ-жауап алады. Әннің кім туралы айтылғанын, қандай көңіл күйде орындалатынын (көңілді, көңілсіз, баяу, жүрдек) әңгімелеу. Әннің мәтінін қайталап, әуенге қосылып айту. Балалар мәтінді анық айтуын, бір-бірін тыңдай отырып әндетуін қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Сылдырмақты серуен» (муз. Ж. Тезекбаев). Музыка әуеніне ілесіп сылдырмақтың көмегімен ырғақты қимылдар жасау. Балалардың ырғаққа дұрыс ілесіп орындауларын қадағалау. Әуенге ілесіп мәнерлі қимылдар келтіру.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Анаң сені қалай еркелетеді? Сен анаңа қандай тілек айтар едің? Мына суретте сүйікті анаңа қандай гүлдер сыйлайсың? Бубеннің дауысы қандай? Ол қандай аспаптың түріне жатады (ұрмалы, ішекті)? Суретке мұқият қара. Тасбақа, қоян, қасқырдың жылдамдықтары әртүрлі. Бубенге қайсысы тез жетеді?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің ырғағы, көңіл күйі қандай? Қандай әсерге бөлендің? Аналар мерекесінде өз анаңа не сыйлар едің? Әдемі моншақ сыйлағың келе ме?. | Сылдырмақтармен музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасау |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........минут | – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабақ қалай өтті? – Анасына арнап кім ән айта алады? (Сабақтан тыс үйренген әндерінен). Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Табиғат тамшылары»** |
|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Табиғаттағы құбылыстарды әңгімелей алады. Музыканы ести отырып қиялдарынан туған ертегілерді әңгімелей алады.<br>Көптілділік: көңіл күй – настроение<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Тамшылар, ансамбль, оркестр, металлофон.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Сендерге табиғаттың қандай құбылыстары ұнайды?<br>Оркестрде сендерге қандай аспапта ойнаған ұнайды?<br>Жауынның қандай түрлерін білесіңдер (ақ жауын, нөсер жауын)? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта біз қандай әндер айттық, қандай музыка тыңдадық?<br>Сендерге қандай тақырыпқа айтылған әндер немесе музыкалар көбірек ұнайды?<br>Ұнайтын әндерінен үзінділер айту. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңберіне тұру.**<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, жер-ана!<br>Қайырлы таң, мектебім!<br>Қайырлы таң, достарым!<br>Көңілді әуенмен сабақты бастау. – Біздің айналамызды не қоршап тұр?<br>Әрине, табиғат. Табиғатта түрлі құбылыстар болады, жел соғады, жауын жауады, қар жауады, күн шығады. Бүгінгі сабағымыз сол табиғат құбылыстарына арналады. Жаңбырдың қандай | Ауа райындағы табиғат құбылыстарын бейнелейтін (жаңбыр, қар жауып тұрған, жеке тамшылардың) суреттері. |

| | | |
|---|---|---|
| | пайдасы бар? Жаңбырдың да бірнеше түрі болады. «Ақ жауын», «нөсер жауын». Ақ жауын – жайлап ұзақ жауады, кейде апталап жауады. Нөсер жауын қатты құйып жауады, бірақ тез бітеді. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....минут | **Музыка тыңдау:** «Тамшылар» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Балалардан әннің не жайында екенін сұрау. Әуен қалай орындалды, қандай екпінде, қандай көңіл күйде? Тамшы қайдан пайда болады? Балалардың пікірін тыңдау.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Күйдің үзіндісін «ля» буынында орындау. Ауызды кеңірек ашып, еркін тыныс алуға үйрету. Дыбыстарды таза, ашық емес, дөңгелете айтуға көңіл бөлу.<br>**Ән айту:** «Ақ жауын» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева).<br>Әнді педагог орындап, балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Жауын жылдың қай мезгілінде көбірек жауады? «Ақ жауын» деп қандай жауынды айтамыз? Ән қандай көңіл күйде айтылып отыр? Әннің сөздерін қайталату, анық, таза айтуларын қадағалау.<br>**Аспаппен танысу:** «Тамшылар» (румын халық әні, өңдеген Т. Попатенко). Металлофонда ойнау. Алдымен педагог ойнап көрсетіп, балалардың өздеріне ойнауға мүмкіндік беру. Ырғақты жақсы ұстайтын балалардан алғашқы топ құрып, келесі сабаққа қалған балаларды қамтуға болады. Балалар ойнауды игерген соң, фортепианоның сүйемелдеуімен орындауға болады.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Әннің сипатын әңгімелеп бер. Суреттегі бұлт пен күннің қайсысының көңіл күйі әннің мазмұнына сай келеді? Қандай түстерді таңдар едің? Жаңбыр жауғанда қалай қорғанасың? Қолшатыр не үшін керек?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Қандай табиғат құбылыстарын білесің? «Ақ жауын» әнінің көңіл күйі суреттегі қай құбылысқа сай келеді деп ойлайсың?<br>Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Саған жаңбыр ұнай ма? | «Тамшылар» әні<br><br>«Қосалқа» күйі<br><br>«Ақ жауын» әні<br><br>«Тамшылар» әні<br><br>Металлофондар |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, қолды қаттырақ шапалақтаймыз. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Наурыз – жыл басы»** | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қимылдар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Тыңдаған музыкалары туралы ойларын жеткізе алады.<br>Салт-дәстүрлер туралы, наурыз мерекесі жайында түсініктерін айтады.<br>Көптілділік: мереке – праздник<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ырғақ, салт-дәстүр, наурыз.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Наурыз мерекесі туралы не білесің? Қандай салт-дәстүрлерді білесің? Мерекеде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер? Музыка жанрларын ажырата аласың ба? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айттық, қандай музыка тыңдадық?<br>Естеріне түсіріп, қимыл-қозғалыстар жасайды. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Көңілді музыка әуенімен балалар амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды. – Балалар, сендер наурыз мерекесі туралы не білесіңдер? – Ол мереке қай кезде болады, тойланады және «наурыз» деген сөз не мағынаны білдіреді? Наурыз – күн мен түннің теңескен күні, жердің жаңарып, табиғаттың оянған кезі. Аңдар ұйқыларынан оянып, сай-саланы су алып, жер бусанады. Халқымыз үшін ең үлкен мереке. | Наурыз мерекесі тойланып жатқан суреттер, қайнаған қазан, ұлттық ойындар ойнаған балалар, көкпар тартқан үлкендер |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>......... минут | **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Домбыра – қазақтың халық аспабы. Халқымызда домбыраны киелі аспап деп атайды. Өйткені адам тілімен жеткізе алмаған оқиғаларды күй арқылы жеткізуге болады. Күй созылмалы, баппен орындалады.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). Жаттығу көңілді орындалады. Ноталардың ұзақтықтары әртүрлі болғандықтан, дұрыс орындалуына көңіл бөлу.<br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева). Наурыз мерекесі қандай мереке екенін балаларға түсіндіру. Мерекеде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған | «Қосалқа» күйі<br><br>«Қоңырау» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | наурызкөже туралы түсініктер беру. Әннің көңіл күйін ажыратып, ырғақты ұстап орындауды қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Сақина салу» (ән-ойын, өңдеген Е. Брусиловский). Қазақтың ұлттық ойындарының бірі саналатын «Сақина салумен» таныстыру, ойнау. Ойыннан жеңілген бала өз өнерін көрсетеді, ән салады, би билейді, тақпақ айтады.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Күй қай аспапта орындалады? Домбыра аспабының құрылысын әңгімеле. Қыздарға арналған қандай ұлттық әшекей бұйымдарды білесің? Атап, айтып бер.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Наурыз мерекесі туралы не білесің? Бұл мерекені отбасыңмен қалай атап өтесің? Неліктен наурызды «жыл басы» деп айтады? Суретке қарап, наурыз мерекесі туралы әңгімелеп бер. Мына гүлдердің ішінен көктемнің алғашқы гүлдері – бәйшешек, қызғалдақтың суретін көрсет | «Наурыз тойы» әні<br><br>«Сақина салу» (ән-ойын) |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Бесік жыры»** | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен орындау дағдыларын меңгерген. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** «Бесікке салу» рәсімі туралы әңгімелейді.<br>Көптілділік: бесік – колыбель<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Бесік жыры, мұңды, нәзік, ақырын, ксилофон, қоңырау.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Салт-дәстүр туралы не білесің? «Бесік жыры» қандай ән? Бұл әнді басқаша қалай орындар едің? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. Музыкалық аспаптарды қолданып қоршаған ортаның әртүрлі дыбыстарын бере алады. Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| | **ҰОҚ** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>«Қайырлы таң! Доброе утро! » (әндете амандасу).<br>**Ойын:** «Ән салған кім?» Ортаға көзі жұмулы бала тұрады. Кез келген бала ортадағы баланың атын әндете айтады. Ортадағы бала тапса, әнші баламен орын алмастырады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>«Бесікке салу» дәстүрі туралы айтып, балалардың қызығушылығын ояту. Бала дүниеге келгенде «сүйінші» сұраған адамға сыйлық берілетінін, шілдехана тойы жасалып, ол жерде ән-жыр айтылып, би биленіп, қуанышты болатынын түсіндіру. | Музыкалық сүйемелдеу<br>«Ән салған кім?» ойыны<br>«Бесікке салу» дәстүрін көрсететін бейнежазбалар |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (муз. Қ. Өрісбаев, сөзі Ш. Мұхамеджанов)<br>– «Бесік жыры» қай кезде орындалады?<br>– Бұл әнді дауысты қатты шығарып айтуға бола ма?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Бесік жыры» (муз. Б. Аманжол).<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Әлпештейін көкешім.<br>Тербетейін, жата ғой,<br>Тәтті ұйқыға бата ғой, – деп сәбилерді ұйқыға шақырады. Әнді нәзік сезіммен орындап, мағынасын түсіндіру.<br>– Дауыс ырғағы қандай болады деп ойлайсың?<br>– Өз ананның айтқан бесік жыры есіңде ме?<br>Әннің ырғағын бесік тербеткендей қол қимылдарымен бірге көрсетуді ұсыну.<br>«Бесік» сөзінің орыс тілінде айтылуын қайталату: бесік – колыбель<br>**Аспаппен танысу:** «Еркем-ай» (өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Әуеннің ырғағын, дыбыстық үйлесімін бірге анықтау, түсіндіру.<br>Ұлттық ойын «Тақия тастамақ».<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Анасы сәбиіне бесік жырын қай кезде айтады?<br>Дауыс ырғағы қалай болады деп ойлайсың? Ананың айтқан әні есіңде ме?<br>Суретке қарап, бесік жырының орындалатын уақыты қай кезде айтып бер<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Бұл әннің көңіл күйі қандай?<br>Бесік жырын қай аспаптың сүйемелдеуімен орындауға болады?<br>Таңдаған аспаптарды қоршап сыз. Бесік жырын мұқият тыңда.<br>Әннің сипаты суреттегі баланың қайсысының көңіл күйіне сәйкес келеді? | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.** | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Тұсау кесу»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырата алды.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** «Тұсау кесу» дәстүрі туралы әңгімелеп береді.<br>Көптілділік: қадам – шаг<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Тұсау кесу, қадам, құрмеу, ұлттық музыка.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Басқа қандай салт-дәстүрлерді білесің? «Тұсау кесу» не үшін жасалады?<br>Мағынасы осы әнге сәйкес келетін қандай әндер білесің? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма би көрсете біледі.<br>Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын бере орындайды. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Қайырлы таң! Доброе утро! » (әндете сәлемдесу). Тұсау кесу тойында қандай тілек айтар едің?<br>Бубен аспабын бір-біріне жалғастыру арқылы тілек-құттықтауларын жолдау.<br>«Тұсау кесу» салты – сәби тез жүріп кетсін деген ниетпен жасалады. Тұсау кесу түрлеріне тоқталып, әңгімелеу (ала жіппен, көк шөппен, тоқ ішекпен). Тұсау кесу кезіндегі іс-әрекеттер туралы, қуанышты тойға ұласып, шашу шашылады деп қызықтыра әңгімелеу. | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Тұсау кесу рәсімі бейнеленген түрлі түсті суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>**......... минут** | **Музыка тыңдау:** «Тәй-тәй» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі М. Жұмағазиев). Әнді тыңдап, сипатын, көңіл күйін ажырату. Ән мазмұнын әңгімелеуді ұсыну.<br>Қаз, қаз, балам, қаз балам,<br>Қадам бассаң, мәз болам.<br>Күрмеуіңді шешейін,<br>Тұсауыңды кесейін. Суретке қарап әңгімелеуді ұсыну.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди», «Ән шырқайық» жаттығулары.<br>Сөздерді, әуенді анық, таза айтуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Тұсаукесер жыры» (халық әні, өңдеген Б. Жүсіпәлиев).<br>«Тұсаукесер жыры» мен «Бесік жырын» салыстыру. Олардың мағынасы мен ырғақтарының айырмашылықтары туралы түсіндіру.<br>– Саған таныс қандай әндерге ұқсастығы бар?<br>Әнді орындап, мәтіні мен әуенін үйрету, таза айтуға дағдыландыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Етек-етек» (ән-ойын). Ойын шартымен таныстырып, кейіпкерлерге бөліну. Қимыл-қозғалыстары қайталанады. Әндете жүріп мағынасына сай қозғалуға мән беру. Ептіліктерін көрсету.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Тұсау кесу рәсімі не үшін қажет? Қандай сәбидің тұсауы кесіледі деп ойлайсың? Тұсау кесу туралы не білесің, суретке қарап әңгімеле<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Берілген суреттен тұсау кесуге қажетті заттарды сызық арқылы қосып көрсет. Достарыңмен қандай ойын ойнайсың? Балалар ойындарының қандай түрлерін білесің? | «Тәй-тәй» әні<br><br>«Әлди-әлди», «Ән шырқайық» жаттығулары<br>«Тұсаукесер жыры<br><br>Қара құс, тауық және балапандар атрибуттары |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**...........минут** | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Біздің ұлттық ойындар»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.<br>**Көпшілік балалар:** Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу әрекеттерін меңгерген.<br>**Кейбір балалар:** Қарама-қайшы қарапайым әуендерді музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалып ойнау әрекеттерін игерген. Музыкалық қабілеттері жоғары деңгейдегі балалар музыкалық аспапта да, жеке дауыста да орындау қасиеттерін жақсы меңгерген. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** ҰОҚ тақырыбына байланысты өз ойларын әңгімелей алады. Тыңдаған музыкалары туралы әңгіме құрайды.<br>Жоғары-төмен дыбыстарды түсініп, анықтайды.<br>Көптілділік: ойын – игра<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ұлттық ойындар, жоғары-төмен дыбыстар, тембр.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>– Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?<br>– Өз есімдеріңді жоғарғы немесе төменгі дыбыстарда айта аласыңдар ма?<br>– Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік.<br>Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалар көңілді музыка әуенімен шаттық шеңберін құрады.<br>Шеңбер болып тұрайық,<br>Алақанды ашайық.<br>Таза ауаны жұтайық,<br>Жүрекке жылу сыйлайық.<br>Жиналған жылу шуақты<br>Достарға біз шашайық! | «Асық ату», «Көкпар», «Сақина салу», «Арқан тарту» т.б. ойындар туралы суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| | – Балалар, сендер қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер ме?<br>– Қандай ойын ойнадыңдар?<br>– Бүгінгі сабақ барысында осы ұлттық ойындар туралы әңгіме қозғаймыз.<br>Ұлттық ойындар өте көп, біздің ұлт табиғи құралдарды пайдаланып ойын ойнаған.<br>«Асық ату», «Көкпар», «Сақина салу», «Арқан тарту» т.б. ойындар бар. | |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Музыка тыңдау:** «Көкпар» (муз. А. Исағұлова). – Музыка тыңдай отырып не елестеттіңдер? Көкпар туралы не білесіңдер? Қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі – «Көкпар» ойыны. Ойын аттың үстінде ойналады. Асқан шеберлікті қажет етеді. Малдың терісін ептілікпен жерден алып, ешкімге жеткізбей көмбеге апарып салу керек. Слайд<br>**Дауыс жаттығулары:** «Былқылдақ» (Тәттімбет). «Былқылдақ» күйінің негізгі әуенін «ду» буынында айтқызу. Терең тыныс алып, демді сыртқа еркін шығаруға үйрету.<br>Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі, тіл артқа жылжиды.<br>Ырғағына айрықша көңіл бөлу.<br>**Ән айту:** «Жомарт елім» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі Т. Молдағалиев). «Жомарт» сөзі нені білдіреді, балалармен ой бөлісу. Кең-байтақ елімізді паш ететін бұл ән кең диапазонда орындалады. Әннің ең биік жоғары дыбысы қандай екенін ажыратып, айту.<br>Жоғары, төмен дыбыстарды әннің ішінен табу.<br>**Аспаппен танысу:** «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді дауыспен айта отырып аспапта орындау, қарама-қайшы әуендерді пайдаланып суырыпсалу. Балалардың өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнді тыңдағанда қандай әсер алдың? Әннің қарқыны неліктен жылдам? Қандай ұлттық ойындарды білесің? «Ханталапай» ойынына не қолданылады? Ұлттық ойынға қажетті заттардың суретін көрсет.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің ырғағы мына сызбалардың қайсысына сәйкес келеді? Өз таңдауыңды сызықтарды бастырып сызу арқылы көрсет. Ұлттық ойын бейнеленген суреттерді сызық арқылы қоржынға сал. | «Көкпар» әні<br><br>«Былқылдақ» күйі<br><br>«Жомарт елім» әні<br><br>«Сәулем-ай» әні |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытын-дысы. Рефлексия**<br>.......минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Наурыз көже»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарай ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып би орындай алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Наурыз мерекесі туралы кеңінен әңгімелей алады. Мерекеде ойналатын ұлттық ойындарды сипаттай алады.<br>Наурызкөженің неден жасалатыны туралы жақсы біледі және айта алады.<br>Көптілділік: сусын – напиток<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Наурыз, наурыз тойы, наурызкөже.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Наурыз мерекесі жылдың қай мезгілінде тойланады?<br>Наурыз мерекесінде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің?<br>Наурыз көжеге неше түрлі тағам салынады және қандай?<br>«Қара жорға» биіне ойдан би элементтерін қолданып биleңдер. |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өткен тоқсанда айтқан әндерің естеріңде ме? Әндерді есімізге түсіріп қайталайық. Өткен әндерден попурри орындау.<br>Қандай музыкалық шығармалар тыңдадық және олар не туралы еді? |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Балалармен музыкалық сәлемдесу.** Шаттық шеңберін жасау.<br>«Қайырлы таң, туған жерім!»,<br>«Қайырлы таң, алтын күн!»,<br>«Қайырлы таң, алтын ұям!»,<br>«Қайырлы таң, достарым!» Бір-біріне алақандарының жылуын жеткізу.<br>Педагог балаларға Наурыз мерекесінде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған | |

| | | |
|---|---|---|
| | наурызкөже туралы түсініктер береді. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:** « Тойбастар» (муз. Б.Аманжолов). Балалардан музыканың көңіл күйі туралы сұрау. Педагог музыканы тыңдата отырып көңілді музыка адам жанын жадыратататынын, көңілсіз музыка жанды жабырқататынын түсіндіреді<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди» (халық әні). Ән ұйықтар алдында орындалатындықтан айқайламай, бірқалыпты байыппен айту қажет.<br>**Ән айту:** «Наурызкөже» (муз. А. Райымқұлова, сөзі А. Шаяхметов). Ән көңілді, сергек орындалады. Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіру. Ән туралы балалармен әңгімелесу. Балалардың есту, есте сақтау қабілеттерін қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қара жорға» (халық әуені). Балалар жұптасып, жеке би қимылдарын жасайды. Буын бии аталатын бұл билер ерте кезден келе жатыр.<br>Бұл бидің ерекшелігі – жас баладан еңкейген қарияларға дейін билейді.<br>Балаларға өз беттерінше қимыл жасауға мүмкіндік беру.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Наурызкөжеге қанша тағам түрлері қосылады? Наурызкөжеге салынатын тағамдарды қазанға сызық арқылы қос.<br>Пайдалы сусындар туралы не білесің? Олар қайдан алынады?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Қандай музыкалық аспаптардың даусын естідің? Мына суреттер ішінен қайсысы осы тақырыпқа сай келеді деп ойлайсың? Наурызкөже ішетін тостаған ағаштан жасалады.<br>Ал торсық сусынды жолға алып жүруге арналған. Торсық теріден жасалады. | «Наурызкөже» әні<br><br>«Қара жорға» халық әуені |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.... минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**2021-2022 оқу жылы**
**Білім беру саласы: «**Шығармашылық»  **Оқу қызмет түрі:** Музыка
**Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Мен әдепті баламын»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.<br>Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (кіріспе, қайырма) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.<br>**Кейбір балалар:** Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** «Әдептілік» деген сөздің мағынасын өз сөздерімен түсіндіреді. Өз достары туралы әңгімелейді.<br>Көптілділік: балалар – дети<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Кіріспе, қайырма, музыкалық фраза, сүйемелдеусіз.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Әнді орындағанда қандай сезімде боласың?<br>Дыбыстарды қалай сипаттаймыз??<br>Жай музыка деген не?? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін нақышына келтіре орындай алады.<br>Өз шығармашылықтары мен суырыпсалма өнерін көрсете біледі | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>Әңгіме: – Сен өз достарыңа, үлкендерге көмектескенді ұнатасың ба? – «Әдепті бала – арлы бала» дегенді қалай түсінесің? Көпшілік жерде, мектепте, театрда өздерін әдепті ұстау туралы әңгімелеу. Суреттерге қарап әңгіме құрастыру. | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Түрлі түсті суреттер |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Музыка тыңдау:** «Балалық шақ әлемі» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әннің дыбыс биіктігін қолмен көрсетуді ұсыну. Шығарманың ырғағын шапалақтау және аяқ топылдату арқылы көрсету. Әннің мазмұнына көңіл бөлу. Балалар – дети сөздерінің дұрыс айтылуын үйрету. | «Балалық шақ әлемі» әні<br><br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуы |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айту:** «Балдырғандар әні» (муз. және сөзі Г. Жотаева). Жайнатар кең өлкені, Болашақтың ертеңі. Біз бақытты балдырған – Ата-ананың өркені. (М. Дауылбаев) Әнді таза, әуенімен айтуға дағдыландыру. Әннің кіріспесі мен қайырмасы, қарқыны, сипаты туралы түсіндіру. – Неліктен ән көңілді, ойнақы орындалады? Әннің күшті және әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Аспаппен танысу:** «Сылдырмақтармен ойын» (бубен) (укр. х.әуені, өңдеген Д. Львов). Ұрмалы аспаптар көмегімен жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақты суреттерді ойнау<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз.А. Тани, А. Естенов). Ән-ойынның шартын еске сақтау, әуенін тыңдап, қимылқозғалыстарды бірге жасауға үйрету.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Ән не туралы? Бұл әннің ырғағы қандай? Осы әнге сәйкес келетін суретті көрсет<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Бұл музыкалық аспаптар саған таныс па? Қайдан көрдің? Үрмелі аспаптарды қызыл қорапқа, ал ішекті аспаптарды көк қорапқа сызық арқылы қосу | «Балдырғандар әні»<br><br>Ән мәтініне сәйкес түрлі түсті суреттер<br><br>«Сылдырмақтармен ойын» әуені Сылдырмақ, бубен аспаптары «Соқыртеке» әні Ән-ойынға түсініктеме-сурет |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>…………… минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Екі көңіл күйдегі смайликтер арқылы өз таңдауларын көрсетуді ұсыну. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы: «**Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Сәуір айы.** **Өтпелі тақырып:** «Біз еңбеккор баламыз»

| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Құстар дауысы»** | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Текше арқылы жуан-жіңішке дыбыстарды табуға тырысады.<br>Балалар әндерді тыңдауды, айтуды, жаттауды үйренеді .<br>Ойынға қызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын айтады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Балалар құстардың сайраған даусын сезінуге тырысады.<br>Балалар жуан-жіңішке дыбыстарды түсінуге тырысады.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Құстар қай кезде қайтып келеді?<br>Құстарға қандай қамқорлық жасау керек?<br>Құстардың бізге қандай пайдасы бар? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Өтілген тақырыптан<br>Музаканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын ажырату дағдыларын тексеру. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»<br>айтып қарсы алады.<br>Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді.<br>Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.<br>«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.<br>Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:**Балаларды музыка тыңдауға шақырады.<br>Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.<br>Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді.<br>Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.<br>Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып<br>ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды. | құс пен оның балапанының суреттері. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?».**(Ж. Тұрсынаев)<br>«**Бұлбұл**»(Қ.Шілдебаев).<br>**«Бөдене әні»**(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).<br>Орындалып, ойын ұйымдастырылады.<br>**«Боторғай»(**Е.Құсайынов, А.Асылбеков).<br>**«Көкек» (**Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге карап әнді айтуға үйретеді. Жетекші қыздарға **«шөжелерім»** биін<br>қайталатады.<br>Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым»<br>биін үйретеді.<br>**Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»**<br>ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидиктикалық ойынмен жалғастырып үыретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабылетін дамытады.<br>Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады,<br>мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Сұрақ-жауап. қандай құстардың дыбысын тыңдадыңдар.<br>-құстар даусы қандай?<br>-балапанының даусы қандай?<br>Балаларды мақтайды, қоштасады. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Сәуір айы.** **Өтпелі тақырып:** «Біз еңбекқор баламыз»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Әуенді сандықша»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу.<br>Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әртүрлі сипаттағы жанрларды тыңдап, ажыратады.<br>Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді.<br>Көңілді әнді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады.<br>Ән туралы әңгімелеп, өз ойларын білдіреді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Жаттығуды көңілдене айтады, дауыстары ашылып, ән айтуға дайындалады.<br>**Сөздік жұмыс:** Сандықша, полька, вальс, марш.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Көңілді әуен деген не?<br>Көңілді болғанда музыка ырғағы қандай болады? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.<br>Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алып, **«Серуендейміз, демаламыз»** (М. Красев) әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстасып,, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап, шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.<br>Ал, кәнекей, тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық.<br>Балаларға сандықшаны көрсету.<br>Сандықшаны ашып, ішінен аспаптарды (барабан, бубен, қоңырау) алады.<br>Аспаптарды алайық,<br>Біз оркестр құрайық, - деп **«Барабаншы»** (М. Красев) әуеніне аспаптарда ойнауға үйрету. | Музыкалық сүйемелдеу |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | -Жарайсыңдар, балалар!<br>Енді аспаптарды жинайық, отырып демалайық! Жайғасып отырыңдар.<br>-Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі.<br>Педагог сандықшаға құлағын тосып тыңдағандай болады.<br>-Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап, ажырат» - деген тапсырма ұсынды. Әуенді мұқият тыңдап, сипатын анықтайық. | Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Әуенді-дидактикалық ойын: «Ырғағын ажырат».** «Итальяндық полька» (С. Рахманинов), «Бесік жыры» (Халық әні), «Жалаушамен жаттығу» (Е. Брусиловский) музыкалары ойналып, балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.<br>**Дұрыс жаттығуы:**<br>**«Сағат пен елек»** айтылып, балалардың дауыс ырғақтарын бақылайды. Сандықшаны қолына алып, келесі тапсырманы ұсынады.<br>Мен өнерпаз баламын,<br>Шырқап әнге саламын.<br>Өскенімде ертең-ақ<br>Әнші, биші боламын.<br>**Музыка үйрену: «Жан сырым»** (Е.Өміров, Х.Талғаров) әнін орындап, мұқият тыңдауларын сұрайды. Ән мазмұнын әңгімелеп, сипатын анықтауға ықпал етеді.<br>Әнді екінші рет орындап, ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрайды.<br>Тағы да ғажайып сандықшаны<br>ашып, әуенді тыңдатады.<br>-Балалар, ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шақырады.<br>**Ойын: «Бәсең және көтеріңкі»** (Е.Хасанғалиев, А. Асылбек). Ойын шартын түсіндіріп, қуыршақтарды жай, ақырын және ашық-жарқын дауыспен әндете тербетулерін сұрайды.<br>**Би: «Біздің ойыншықтар».**<br>Аю, қасқыр, жолбарыс,<br>Арыстан мен піл, барыс,<br>Ойыншықтар, тұрыңдар,<br>Ойын-сауық құрыңдар, -<br>деп ойыншықтармен биге шақырады. Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.<br>Би кезінде ойыншықтарды дұрыс ұстауларын, бірге қозғалып, қимылдатуларын қадағалайды. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Сұрақ –жауап<br>-Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар берді?<br>-Әуені қандай екен?<br>-Бүгін сендерге не ұнады? | |

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

Бекітемін: [signature]

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Сәуір айы . Өтпелі тақырып:** «Біз еңбекқор баламыз»

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Туған күнді тойлаймыз»** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Достары туралы, өздері туралы әңгімелей алады. «Достар» мен «достық» сөзінің айырмашылықтарын ұғынады.<br>Көптілділік: туған күн – день рождения – birthday.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Ырғақ, әуен, музыкалық дыбыс.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Музыка тыңдай отырып оны қалай сипаттар едің?<br>Ән мазмұны не туралы?<br>Достар туралы ән қалай орындалуы керек деп ойлайсың? |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта айтқан әндері мен тыңдаған музыкалары жайында әңгімелейді. Қандай қимыл-қозғалыс жасағандарын естеріне алады. |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Марш ырғағы арқылы аяқты нық басып жүруді ұсыну. Жеңіл музыка әуенімен аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру.<br>– Балалар, сендер әрқайсыларың әр кезде дүниеге келдіңдер, сол күнді «туған күн» дейді.<br>Сендер әрбір туған күндеріңде бір жасқа үлкейесіңдер.<br>Сендердің ата-аналарың жыл сайын «Міне, азамат болдың» деп қуанады.<br>Сол туралы ән тыңдайық. | Тақырып бойынша суреттер |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:** «Міне, үлкен азамат» (муз. С. Жанғабылов, сөзі С. Мәуленов). Балалардан тыңдаған әннен алған әсерлерін сұрау. Мазмұнын әңгімелеу, қандай көңіл күйде айтылғанын ажырату. Әннің сипаты туралы түсінік беру (көңілді, көңілсіз, мұңды, салтанатты, ойнақы т.б.)<br>Балаларға жеке әншінің, дирижердің, оркестрдің суреттерін көрсетіп, таныстыру.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Ботақан» (муз. К. Қуатбаев, сөзі Д. Мүсіров) Әуенді асықпай, әндетіп | «Міне, үлкен азамат» әні<br><br>Жеке әншінің, дирижердің, оркестрдің суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| | айту. Диапазоны өте аумақты болмағандықтан бірнеше тональдылықта қайталауға болады.<br>**Ән айту:** «Бүгін туған күніміз» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі Ә. Табылдиев).<br>Педагог әнді орындап, балалармен сұрақ-жауап жүргізеді.<br>Музыканың сипатын (ашық-жарқын, салтанатты, көңілді-көңілсіз) ажырату.<br>Туған күн туралы ойларын, бір-біріне тілейтін тілектерін ортаға салу, әңгімелеу.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Буги-вуги» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Музыка ырғағымен қолды, аяқты қимылдатып, әндете қозғалу. Әуенге ілесіп мәнерлі қозғалыстар жасау. Көңілді әуен үнімен өз беттерінше ойдан шығарып би қимылдарын жасауға бағыт беру.<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Сенің туған күнің жылдың қай мезгілінде? Сен неше жастасың? Туған күніңе қандай сыйлық сыйлады?<br>Ұлдар қыздарды биге шақырады. Киген киімдеріне сәйкес сыңарларын табуға көмектес. Қай жұп қандай биге лайықты деп ойлайсың?<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің мазмұнын түсініп, суреттегі көріністі достарыңмен бірге әңгімеле. Қай баланың іс-әрекеті дұрыс емес? Қандай мамандық иелерін білесің? Суреттер арасынан музыкаға байланысты мамандықтарды тауып, ата. | «Ботақан» әні<br>«Бүгін туған күніміз» әні<br><br>«Буги-вуги» әні |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Мамыр айы.** **Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Ағайынбыз бәріміз»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар дауысты қалыпқа келтіреді, жаттығулар жасайды.<br>Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Достық туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Балалар музыканы тыңдай отырып, жауап беруге талпынады.<br>**Сөздік жұмыс: қоңырау, ағайынбыз, тату -тәтті**<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Достық, татулық деген не?<br>Бір отбасында деген сөзді қалай түсінеміз?<br>Көп ұлтты деген не? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.<br>Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка аусқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.<br>Бір шаңырақта табысқан,<br>дос-бауыр көп, туысқан.<br>Отан-ортақ үйіміз,<br>көңілді ән мен күйіміз. | Музыкалық сүйемелдеу |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | -Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіндер? Арамызда басқада ұлттың балалары бар: қазақ, орыс, ұйғыр, т. б. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.<br>**Музыкатыңдау: «Жайдарман»**<br>-Ән көңілдіме, әлде көңілсізбе?<br>Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады.<br>Ән сендерге ұнадама?<br>Ән айту алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауыстарын қалыпқа келтіру. Өткен сабақтағы әндерді қайталап, не туралы екенін, қалай айтылу керектігін ескетүсіру. | Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз»**<br>-Ортақ болсын асқар тау,<br>Болсын жер де су да ортақ,<br>Болсын бізге ту да ортақ,- деп неліктен айтылған?<br>Біріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бірімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз,-деп отыр.<br>**«Қоңыраумен ойын»**<br>балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Педагог қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.<br>Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды.<br>Ортаға балаларды кезек-кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.<br>**Би: «биге шақыру»**<br>алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылай бәрі түгел биге шығады. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | **Қорытындылау, балаларды марапаттау.** | |

Бекітемін: [illegible]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Мамыр айы.** **Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Тату доспыз бәріміз»** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру.<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар ережелерді сақтайды. Әннің мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады.<br>Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайды.<br>Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады.<br>Қол ұстасып, айналады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады.<br>Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>**Сөздік жұмыс:** Татулық, достық<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** Дос дегеніміз не? Достар қандай болу керек? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.<br>Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды музыка залында көңілді қарсы алу. Амандасу.<br>-Амансыңдарма дастарым? Сендерді көргеніме қуаныштымы!<br>Қуан шаттан алақай!<br>Қуанатын кез келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң балақай!<br>-Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар. | Музыкалық сүйемелдеу |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | -Бәріміз бір-бірімізбен татумыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.<br>**Ән тыңдау: «Достық»** (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>-Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова).<br>-Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту. | «Менің досым» - балалардың салған суреттерін көре ұйымдастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»** (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев)<br>Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойп, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шыркөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Сұрақ –жауап, балаларды мадақтау, көтермелеу. | |

Бекітемін:

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Мамыр айы.** **Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін»

| **ҰОҚ Тақырыбы:** | **«Жайлаудағы киіз үй»** | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып би орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынына, динамикасына, ырғақтық суреттеріне сәйкес ән сала алады.<br>**Көпшілік балалар:** Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) ажырата алады.<br>**Кейбір балалар:** Таныс би элементтері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Тақырып бойынша өз ойларын жеткізуге тырысады. Сүйікті әндері туралы әңгімелей алады.<br>Көптілділік: киіз үй – юрта<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Салт-дәстүр, киіз үй, киіз басу.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Салт-дәстүр деп нені айтамыз? Киіз үй қандай болады, қандай бөліктерден тұрады?<br>Күйге қай ұлттың би қимылдары дұрыс келеді? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Еске түсіріп, қандай тақырыпта музыка тыңдап, ән айтқанымызды қайталаймыз. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Көңілді музыка әуенімен балалармен амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды, естеріне түсіреді.<br>Біздің ата-бабаларымыз ерте кезде көшіп-қонып жүретін болғандықтан, көшуге ыңғайлы киіз үйде тұрған. Киіз үй жиналмалы болады. Төбесінде шаңырағы, керегесі, уықтары болады. Сырты киізбен қапталады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Киіз үйдің бұрышы болмайды, дөңгелек. Бүгін сол киіз үй туралы әңгіме өткіземіз. | Киіз үйдің суреті, макеті, бөлшектері, жабдықтары. Слайдтар |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:** «Қазағымның қасиетті ақ үйі» (муз. М. Кузембаев, сөзі Г. Жотаева). Балаларға интерактивті тақтадан киіз үйді, оның бөлшектерін көрсету. Балалармен киіз үй туралы әңгімелесу. Ертедегі ата-бабаларымыз осы киіз үйде тұрғандарын, көшіп-қонуға ыңғайлы екенін түсіндіру.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қара жорға» (халық күйі). «Қара жорға» күйіне негізделген әуенді «гу» буынында орындау. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі. Терең тыныс алып, дем сыртқа еркін шығарылуы керек.<br>Ырғағына айрықша мән беру. | «Қазағымның қасиетті ақ үйі» әні Интерактивті тақта, киіз үй, оның бөлшектері<br><br>«Қара жорға» күйі |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Киіз үй» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі Қ. Баянбаев). Педагог әуенді орындап, балалардан әңгімелеп берулерін талап етеді. Әннің сипатына, қарқынына, динамикасына тоқталып, балалармен сұрақ-жауап арқылы талдайды.<br>Ән айту барысында бір-бірін тыңдай отырып орындауларын қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Киіз басу» (халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қазақтың би элементтерін еске түсіре отырып балалардың ойдан орындауы (импровизация) қимылдармен билеулеріне мүмкіндік беру. Ұлттық ойын «Асық ату».<br>**1.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әнді тыңдағанда көз алдыңа нені елестеттің? Киіз үйдің жиһаздарын ата. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.<br>Киіз үйдің құрылысын айтып бер. Қандай бөліктерден тұрады?<br>**2. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Қазақтың ұлттық қолөнерімен танысайық. Алашаны түрлі түсті әдемі жіптермен тоқыған. Ал текеметті, киізді қойдың жүнінен басқан. Олар әдемі ою-өрнекпен безендіріледі. | «Киіз үй» әні<br>«Киіз басу» (Келіншек) күйі<br>Нота хрестоматиясы |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | **(Р)** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Мамыр айы.** **Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін»

| | |
|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Жайлаудағы төлдер».** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. |
| **Күтілетін нәтиже:** | Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап, төлдерді ажырата біледі.<br>Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі, эмоциялары білінеді.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп, даусын, қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Сабырлы,көңілді, жігерлі.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Төл дегеніміз не?Қандай төлдерді білеміз?<br>Құлыншақтың даусын салайық |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарға жауап береді |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Жетекші балаларды көңілді қарсы алады.**<br>Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді.<br>**Үнтаспада орындалған М.Жәутиковтың «Сәби күлкісі»** әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді.<br>Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіре керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.<br>**Б.Далденбай өңдеген «Хайләйлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.**<br>Құлындарым кісінеп,<br>боталарым боздады.<br>Бұзауларым мөңіреп,<br>қойым ерте қоздады.<br>-балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, -деп,музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады | |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | «Боталардың желісі» Е. Хасанғалиев.<br>Шығармасының сипатын түсіндіреді.<br>«Еркетайым» әні жылдам, көңілді сипатта орындалады. | Бұзау, қозы, құлыншақ. |

| | | |
|---|---|---|
| .....минут | «Ана әлдиі» асықпай, сабырлы сипатта орындалады.<br>Балалар қосыла орындауы үшін үлестірмелі төлдер карточкалары беріледі.<br>Балалар музыканы тыңдап, әуенді ажырата білуге дағдыландыру, үйрету, 2-3мәрте қайталау.<br>Шығарманың үзінділерін тыңдату.<br>**Дидактикалық ойын: «анасын тап!»**<br>ән салайық, шырқатайық,<br>әуеніне тамсанайық,<br>«ойыншықтар» әнін біз<br>үйренейік, айтайық.<br>**Ән үйрену: «ойыншықтар»**<br>**Би: «шөжелерім» (қыздар)**<br>**«Тұлпарым» (ұлдар)**биін үйрету.<br>**Кимылды ойын: «кімге қай төл ұнайды?**<br>Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Күннің екінші жартысында ойынды қайталап үйретіп, төлдер жарысын өткізуге болады.<br>Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып, белгіні айналып келіп<br>орнына тұрады. | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Балалардан қайда барғандарын сұрайды.<br>-бүгін қандай ән үйрендік?<br>Балаларды мадақтайды, қоштасады | |

Бекітемін: [signature]

**«Ақ көгершін» ересек тобының музыка пәні ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**2021-2022 оқу жылы**

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық» **Оқу қызмет түрі:** Музыка

**Мамыр айы. Өтпелі тақырып:** «Әркашан күн сөнбесін»

| **ҰОҚ тақырыбы:** | «Достар» Ф. Оңғарсынова | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық балалар:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>**Көпшілік балалар:** Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп таза айта алады.<br>**Кейбір балалар:** Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Таныс әндердің не туралы екенін айта алады. Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Көптілділік: дос – друг.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Таныс әуен, қарапайым әуен, сүйемелдеумен, сүйемелсіз.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба?<br>Саған қандай әндер ұнайды?<br>Музыка тыңдағанды ұнатасың ба?<br>Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың? | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Педагог:** Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларындағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. | Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері |
| ҰОҚ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Достар» **Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов**<br>Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында | «Балалардың бақыты» әні<br><br>«Телқоңыр» күйі |

| | | |
|---|---|---|
| | орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.<br>**Ән айту:** «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.<br>**1. Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.<br>**2.Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет. | «Достасайық бәріміз» әні<br><br>«Соқыртеке» әні |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>Смайлктер беру | Смайлктер |